

«ОҚМА» АҚ шетелдік студенттерді оқуға қабылдау ережелері

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Шетел азаматтарын ақылы негізде "ОҚМА" АҚ оқуға қабылдау ЖОО-ның қабылдау комиссиясы күнтізбелік жыл ішінде өткізетін әңгімелесу/тестілеу нәтижелері бойынша жүзеге асырылады. Бұл ретте шетел азаматтарын қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

Шетел азаматтарымен әңгімелесу/тестілеу өткізу үшін ақылы негізде қабылдау үшін емтихан комиссиясы құрылады.

Емтихан комиссиясын қалыптастыру туралы бұйрық жыл сайын қабылдау комиссиясының жұмыс кезеңіне шығарылады.

Емтихан комиссиясы "ОҚМА" АҚ ректорының бұйрығы негізінде құрылады.

Емтихан комиссиясына академияның жоғары басшылығы (ректор, проректорлар), декандар, факультет декандарының ұсынысы бойынша кафедралардың профессор-оқытушылар құрамының өкілдері кіреді.

Комиссия мүшелерінің саны тақ санды құрауы тиіс. Комиссияның отырыстары оның құрамының кемінде үштен екісі болған кезде заңды деп есептеледі.

Академия ректоры немесе оның орынбасары – бірінші проректор емтихан комиссиясының төрағасы болып табылады. Ректордың бұйрығымен емтихан комиссиясының хатшысы тағайындалады.

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы "ОҚМА" АҚ шетелдік студенттерді оқуға қабылдау ережесі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі ережесін бекіту туралы" бұйрығына сәйкес әзірленді.

Осы Ереже Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларын, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі мен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Нормативтік ұйымдастыру-өкімдік құжаттарын, Қоғамның жарғысын, қоғамның ішкі нормативтік құжаттарын басшылыққа алады.

ПРОЦЕСТІҢ СИПАТТАМАСЫ

Өтініштерді "ОҚМА" АҚ қабылдау комиссиясы "Платонус" автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырады. Шетелдік азамат келесі құжаттарды ұсынуы керек:

- қабылдау туралы өтініш;
- білім беру қызметтерін көрсету шарты – 3 дана;

- қазақ немесе орыс тілдеріндегі ресми куәландырылған аудармасы бар жеке басын куәландыратын фотосуреті бар құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі (паспорт) – 2 дана;
- жалпы орта, кәсіптік бастауыш, кәсіптік орта немесе кәсіптік жоғары білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжат (түпнұсқа) немесе Қазақстан Республикасында жалпы орта, кәсіптік бастауыш, кәсіптік орта немесе кәсіптік жоғары білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттың баламасы болып танылатын, қазақ немесе орыс тіліне ресми куәландырылған аудармасы бар шет мемлекеттің білім туралы құжаты – 2 дана;
- 3x4 өлшемді 6 фотосурет;
- флюорограмма суреті бар 075/У нысанындағы медициналық анықтама ("ОҚМА" АҚ келгеннен кейін»);
- егу паспорты;
- АИТВ-инфекциясының жоқтығын растайтын медициналық қорытынды ("ОҚМА" АҚ келгеннен кейін»);
- НЕЕТ нәтижелері (Үндістан азаматтары үшін).

Шет тілінде ұсынылатын құжаттардың мемлекеттік немесе орыс тіліне нотариалды куәландырылған аудармасы болуы тиіс. Қазақ немесе орыс тілдеріндегі аударманы куәландыруды Қазақстан Республикасының аумағындағы нотариус немесе құжат берілген елдегі Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызмет органдары жүзеге асырады.

Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар тұлғалар оқуға қабылданғаннан кейін 1 (бірінші) академиялық оқу кезеңі ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен нострификациялау рәсімінен өтеді.

Шетел азаматтарын ақылы негізде "ОҚМА" АҚ оқуға қабылдауды ЖОО-ның қабылдау комиссиясы жалпы білім беретін пәндер бойынша тестілеу нәтижелері бойынша жүзеге асырады: оқыту тілі, математика, биология, химия және психометриялық тестілеу.

Әр пән бойынша тест тапсырмаларының саны - 20. Әрбір тест тапсырмасының дұрыс жауабы бір балмен бағаланады.

"ОҚМА" АҚ ақылы оқуға тестілеу нәтижелері бойынша "Жалпы медицина"; "Стоматология", "Педиатрия", "Фармация", "Қоғамдық денсаулық", "Мейірбике ісі" білім беру бағдарламалары бойынша кемінде 70 балл; "Фармацевтикалық өндіріс технологиясы" мамандығы бойынша кемінде 50 балл жалпы 100 тест санынан, оның ішінде оқыту тілі, химия, биология, математика және психометриялық тестілеу бойынша кемінде 5 балл жинаған шетелдік азаматтар қабылданады.

Тестілеу қорытындысы бойынша нәтижелер ведомосы ресімделеді.